Бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланғандай, 2019 жылдың қаңтар айында Айсұлтан Назарбаев Ресейдің есірткіге тәуелділер орталығында біраз уақыт жатып ем алады. Алайда мұның да оншалықты пайдасы бола қоймаған сияқты. Осыдан кейін Англияға кеткен Айсұлтанның өмір жолы тағы бірқатар бұралаңдармен өрнектелді. Алдымен ол 2019 жылы қазанда есірткіге еліріп алып, полицияға тәуелділер орталығына біраз уақыт жатып ем алады. Істің құжатына қарағанда, Лондонның Covent Garden ауданындағы бір пәтердің балконына шығып алған бейтаныс жігітті көрген тұрғындардың бірі тәртіп сақшыларын шақырған. Полиция келгенде, әлгі ер адам оларға бағынудан бас тартып, біраз тайталасып баққан соның барысында олардың біреуін ұрып, қолын тістеп алған. BBC агенттігі Айсұлтанның сол сәтте құқық қорғаушылар ұстап тұрған электроскопты сындырып тастағанын жазды. Осы әрекеттері үшін айыпты деп танылған оны Лондон соты төрт айдан кейін, 2020 жылғы наурызда қоғамдық жұмыстарға тарту мен айыппұл төлеу, сонымен қатар нашақорлыққа тәуелділіктен емделуге жалғасатын шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасына кесті. Сот оның бостандыққа жүріп-ақ емделе беруге болады деген шешімге келді. Мұның жалпы өлшемі «18 ай сынаққа жүріп, 140 сағаттық қоғамдық жұмысқа жегілу, мәжбүрлі түрде есірткіге тәуелділіктен емделу, бір мың фунт стерлинг (1300 доллар) айыппұл төлеу мен бес мың фунт стерлинг (6500 доллар) көлеміндегі материалдық шығынды өтеу» сипатында көрініс тапты.

Компания жыл сайын осыдан бір жарым миллиард долларға жуық пайда табады және бұл қаржы Сингапурге шығарылады. Автор бұдан әрі «700 млн. долларға жуық ақшаны Назарбаевтың ортаншы қызының күйеуі Тимур Құлыбаев пен өзінің бұрынғы қайын атасы Қайрат Боранбаевтың өзара бөлісетінін» айғақ қылады.

Айсұлтан 6 маусым күні «Алматы маңы мен Қарағанды қапталында содырлардың сойқан соғысқа сақадай сай болу үшін талмай дайындық жүргізіп жатқанын» жарияласа, 14 маусым күні өзіне Президент істері басқармасынан дәрігерлер келгенін, сосын денесінде алкоголь мен есірткінің уыты бар екенін ескертіп, тест тапсыруға мәжбүр еткенін жазды. Ол елде билікті басып алу жолында астыртын жұмыс жүріп жатқанын тағы да атап өтті. Бірақ бұған да, сірә, мән беріп, назар аударған ешкім бола қоймаған сияқты. Әйтеуір, айтылған сөз айтылған жерінде қалып, айдалаға атылған бір оқ секілденіп қалғанға ұқсайды. Шын мәнінде де бұл жіті қадағалап, мұқият тексеретін-ақ тақырып еді. Қалай дегенде де, Айсұлтанның бұл тұрғыда жеткізгендерінің бәрі шындық болып шықты. Қаңтар қырғыны кезінде тап осындай астыртын келген жұмбақ топтың баскесер қарақшылары нағыз дүлей ойранды шығарып, кісі өлімінің көптеп орын алуына апарды. Демек, мұнда мемлекетті басқарып отырған лауазымды тұлғалардың да кінесі бар. Ал жоғары басшылық қайта осы жасырын топты жасырып баққан құқық қорғау органдарының жетекшілеріне сеніп қалған сыңайлы...

Мемлекет басшысының жеке қамқорлығы мен қолдауын пайдалана отырып кең ауқымды өкілеттіктерге қол жеткізген Рахат аса маңызды мемлекеттік қызметтерге өзінің сыбайластарын көптеп қойып, айналасын біртіндеп күшейте берді. Сол тұста өзін құдыретті және жазасын жан сезінген Рахат Әлиев өз баскеселестерінің бизнестеріне белсенді түрде шабуыл жасап, олардың табысты да сәтті сөре тартқан дайын жобаларын күштеп тартып ала бастады. Нәтижесінде елдің ықпалды саясаткерлері мен кәсіпкерлері бірігіп, Елбасының қуатты да арсыз күйеу баласына қарсы соғыс ашты. Сосын оларға Рахатты әшкерелеу материалдарын жедел дайындап, оларды Президенттің жеке өзінің қолына тапсыра алудың орайы келді. Сол сәтте осы ақпараттың негізінде Әлиевтің шын мәнінде мемлекеттік төңкеріс жасауға әзірленіп, Назарбаевтың орнына келуді жоспарластырып жүргені аян болды.

Арнайы тергеу бұл мәліметтердің растығын бекітіп бергеннен кейін Рахат Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі қызметінен алынып, оның кадрларын түгел мемлекеттік құрылымдардан тазарту басталды, сондай-ақ медиа ресурстарына бақылау орнатылды. Қаһарына мінген қайын ата сосын көз алдында және қасында жүруі үшін Әлиевтің өзін жеке қауіпсіздік қызметіне екіліп қойды. Алайда біраз уақыт өткесін билеушінің ашуы мейірімділікке бой алдырып, оны Австрияға елші және Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы өкілі етіп жіберді.

Ал 2007 жылдың мамыр айында елде Рахат Әлиевке екі банкіді өлтіруді ұйымдастырды деген ауыр айып тағылды. Ол сол күні-ақ барлық қызметтен шеттетілді. Күйеу бала бұған жауап ретінде өзінің оппозицияға кететінін жариялады. Сол сәттен бастап Ақорда мен Әлиевтің арасында бітпес текетірес басталып, ол ақырында бір-бірілеріне айыптар тағудың алаңына айналды. Сол екі ортада Қазақстанда өткен сырттай сот отырысы қашқын күйеу баланы «мемлекеттік қылмыскер» деп тауып, оған жалпы көлемі 40 жылға созылатын бас бостандығынан айыру жазасын белгіледі. Бірақ сыртта жүрген Әлиев бұған қынбады, ол қарсы соққы ретінде Назарбаев пен оның жақын шеңберін қаралауға арналған сұрапыл сұрықтық материалдар тізбегін жариялауға көшті. Мұның соңынан, 2009 жылы биліктің көптеген құпия тірліктері мен көлеңкелі тұстарын ашып көрсететін, Назарбаевтың өзін де шат-шөлкей әшкереп етіп, масқаралайтын «Крестный тест» деген кітабын баспадан шығарды.

Қазақстан әділет жүйесінің Әлиевті ұстап алып, елге қайтаруға бағыт түзген әрекеттерінен Австрияға тұтқындарды аспауға жол беретін, әділ соты жоқ елдерге қылмыскерлерді экстрадициялауға тыйым салатын халықаралық конвенция нормалары қайта-қайта тосқауыл қойып отырды. Осы орайда Рахат Әлиевтің өзін оппозиционер ретінде көрсетіп, тағылып тұрған айыптардан саяси мақсат іздестіріп, бәрін жоққа шығарып бағуы

түсінікті нәрсе-тін. Бірақ оның эмиграциядағы іс-әрекеттері формалды түрде режимге оппозиция болып көрінгенімен, Әлиевті Назарбаевтың тап бір саяси қарсыласы деп атаудың еш ыңғайы келмес еді. Оппозиционер журналист нем құқық қорғаушы Сергей Дувановтың пайымынша, ол іс жүзінде бар болғаны Назарбаевпен араздасып қалған, сосын авторитарлық режимге қарсы екенін мәлімдеп, демократия жөніндегі асақ сөздерді жамыла отырып, өзінің қарақан басын қорғап жүрген адам ғана болып қала береді.

Кейін, 2015 жылдың 24 ақпанында Вена түрмесінде мәйіті табылатын Рахаттың өлімі жөнінде де қазір алуан түрлі болжам бар. Ресми версияға ден қойсақ, ол абақтыда өзіне өзі қол салған, яғни суицид жасаған адам болып шығады. Ислам дінінде бұлайша қаза тапқан жанның жаназасы шығарылуға тиіс емес. Екінші версия ресми бірінші нұсқаны бірден жоққа шығарып, марқұмның әлдекімдердің араласуымен өлтірілгенін ұсынады. Қалай десек те, бұл вариантты да санаттан түрткілен тастай алмайсың. Бұлай болуы да әбден кәдік. Мұның үстіне, Қазақстанның арнайы қызмет өкілдері оның соңына шырақ алып түскені де жалған емес. Оны тірі кезінде Рахаттың өзі де, оның адвокаттары да айтты. Бұдан бөлек, Әлиевтің Мальта-

дан Австрияның түрмесіне өз еркімен келуі бекерден бекер болмаса керек. Ол, сірә, аралдың аумағына қарағанда, Вена абақтысын қауіпсіздеу деп санаған сияқты. Тегінде, Сергей Дувановтың «Шамасы ол өзі жөнінде «тапсырыс берілгеннен» шын мәнінде құлағдар болғанға ұқсайды. Бұл жағдайда Австрия түрмесі оған аман қалудың бірден-бір мүмкіндігі сияқты көрінгені анық. Бірақ қателесіп кеткен екен - бұлар оны мұнда да тауып алды» деп жазуында негіз бар іспетті.

Бұған адвокаттарының түрменің өзінде Рахатты үркітіп-қорқыту әрекеті жасалғанын жалғанның жарығына шығарылулары тағы бір дәлел бола алады. Олар өз қорғауларындағы адамның әлдекімдердің өзімен жуынатын бөлмеде есеп айырысатындарын жеткізгенін айтқанын айтады. Осы қоқан-лоққидан кейін Әлиев жалғыз адамдық басқа камераға ауыстырылған. Адвокаттың куә болғанындай, соңғы жүздесулерінде тұтқында өзін өзі өлтіруге деген ниеттің қандайда бір нышаны байқалмаған. Ол барынша салмақты көрінген, бұлармен бірге алдағы сот процесі жайын талқылап, онда өзінің қайтіп сөйлейтінін сөз еткен. Ал процесс келесі күні өтуге тиіс болған. Бірақ ол бұған жете алмады...

Тағы бір назар аударуға кететін жайт, адвокаттардың мәліметі бойынша, іске Қазақстаннан куә ретінде шақырылғандардың кейбіреулері тура сот процесі үстінде Австриядан өздеріне саяси баспана сұрамақшы болған екен. Егер рас болса, онда процесі басты фигурантты мәңгілік үнсіз қалуға мәжбүр еткен себептердің бірі осы болуы мүмкін екенін де болжауға болады. Бұлайша айтқанда, «адам жоқ болса - мәселе де жоқ» дегенге келіп тұр бәрі. «Сөйтіп, Әлиевтің өлімімен бірге Астананың барлық проблемасы таңғы тұман секілді бірден сөйліп кетті», - деп жазды осы орайда Сергей Дуванов.

Суицид болғанын жоққа шығаратын тағы бір деталь: түрме директоры бұл мекенің әкімшілігінде Рахат Әлиевті өзін өзі өлтіруге бейім тұтқын ретінде қарастырудың ешқандай негізі болмағанын айтқан. Осыған сәйкес, ол жалғыз адамдық камераға еш секемсіз ауыстырылған. Біздіңше, Рахаттың өзін-өзі өлтіруіне күдік келтіруге мүмкіндік беретін бұдан да басқа айтарлықтай салмақты айғақ бар сияқты. Иә, адамның кенеттен өзінен-өзі кілт өзгеріп, өзін өлтіре салуы ешбір ақылға сыймайтын нәрсе. Тіпті ең бір түсініксіз «өзін-өзі өлтірудің» де өзіне тән алғышарттары болады ғой.

Бұған тағы бір айғақ ретінде Әлиевтің қаза болары алдында «Республика» оппозициялық сайтында жарияланған хатын да қосуға болады. Оның мазмұны мұны қазіргі кездері бастан кешіп отырған қиындықтарының бәрін жеңіп шығатынына, өзінің күні қайта туатынына сенімді адам жазып отырғанын анық аңғартады. Осылайша таңдауға түсіп отырған екі болжамның мейлінше сенімдірегі Әлиевтің өмірден өз еркімен кете қоймағаны болып көрінеді. Бірақ бұл болжам марқұмның тіршілігінде өте-мөте көп адамға азар бергенін қаба тоқу мақсатында емес, шындықтың нүктесі жайда екенін білуге деген таза ниетпен айтылып отыр.

Біз неге Отбасының екі мүшесі - Айсұлтан Назарбаев пен Рахат Әлиев жайына тереңдете тоқталып тұрмыз? Себебі, әулет иесі салған «сара» жолдан әртүрлі себептермен шығып қалып, оған керексіз жандарға айналып кеткен өкелі-балалы бұл кеудің елді отыз жыл уақыт бойы армансыз билеп-төстеген династияның ішкі және сыртқы жай-жағдайтарынан, оның өкілдерінің өмір сүрудегі кредоларынан қалтқысыз хабар беріп қана қоймайды, сонымен бірге арада көп өтпей бұрқ ете қалатын қайғылы Қаңтар оқиғасының түп-тамыры қайда жатқанын тағы бір қайтара аңғартып өтеді. Түптеп келгенде қарапайым халықтың билікке, соның ішінде Нұрсұлтан Назарбаев отбасына наразылығы күшеюіне осы фактілердің, сонымен бірге, әсіресе Рахат Әлиевтің қосқан жеке үлесі аз емес. Ақыр соңында Отбасының да Елбасының өзі құрып кеткен қоғам сияқты әбден іріп-шірігініне осы екі азаматтың бастан кешкен барлық зияттары мен мехнаттары толық айғақ бола алады.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

## АУЫЗ АШУҒА АСЫҚҚАН АЙЫП ПА?

Ораза ұстаған адам күн батқан соң аузын ашуға асығуы керек. Алдымен қол жайып ауызашар дұғасын оқып, содан соң ғана ауыз ашады.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кешіліктерімді кешір!

Ауызды сумен не құрмамен ашқан дұрыс. «Кімде-кім ауыз ашар болса, құрмамен ашсын, себебі құрмада береке бар. Егер құрма болмаса, сумен ашсын, себебі ол тазартушы», – деген Мұхаммед пайғамбар.

Ауыз ашудың ең басты ережесі – апыл-ғұпыл тойып тамақтанбау. Ауыз аша сала тойып тамақтанбай, 15-30 минут күту керек. Ауыз ашқан соң міндетті түрде намаз оқып, содан соң тамақ ішуге отырған дұрыс. Ораза кезінде ұннан жасалған, майлы, қуырылған және ащы тамақтардан бас тартқан жөн. Оның орнына жеміс-жидек, көкөніс, майсыз сорпаларды ішу керек. Ауыз бекіткен адам құрамында протеині мол тағамдарды пайдаланғаны абзал. Атап айтқанда: майсыз ет, жұмыртқа, қаймақ, сүзбе, сүт және сыр. Күні бойы нәр татпайтындықтан көбірек су ішу қажет.

## ОРАЗАДА ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНУ КЕРЕК?

Ораза кезінде адамның асқазаны кішірейді, соған сай аз тамақтанған дұрыс. Артық аса дайындап ысырап етуге болмайды. Ауыз ашқаннан кейін ыстық тамақ алдында салат жеген жөн. Күн батқаннан кейін кемінде екі рет тамақтанса болады. Ауызашар, жүрек жалғау, сәресін ішу деп үш рет тамақтануға болады. Әр ас ішкенде құрамында көкөніс болса жақсы. Майлы тамақ жемеу керек, өйткені мұндай тамақ ұзақ қорытылады, әрі баяу сіңеді. Деміне қызығып, қуырылған тамақ жегеннен гөрі пеште пісірілген, отта қақталған, бұға, не суға пісірілген тамақ пайдалы.

Дәрумендерге бай жеміс-жидек, көкөніс көп жеу керек. Бірақ тым тәтті жеміс-жидекті шектен тыс жеуге болмайды. Сүт, айран, ірімшік, күрт секілді сүт өнімдері протеинге бай. Оған қоса кальций, фосфор, мырыш секілді минералдар мен В6, В12 секілді маңызды дәрумендерге тұнып тұр. Пробиотиктерге бай айран ас сіңіруге жақсы әсер етеді. Бойға қуат беріп, ауруларға қарсы қорғаныш қызметін жақсартады. Сәресі мен ауызашарда не жеңіл-желпі ас ретінде күніне 2 стакан сүт, не айран ішу пайдалы.

Жеткілікті мөлшерде су ішпеу көп ауруға әкелуі мүмкін. Сондықтан да оразада шөлдемес күн күн батқаннан таң атқанша 2-2,5 литр су ішіңіз. Тәтті сусындар, компот, кисель емес, тұрақты түрде сағат сайын таза су ішу керек. Ағзаны нәрлі сорпа секілді сұйықтықтың басқа да түрлерімен толықтыруға болады. Тәтті көп жеген жағдайда шөл қысады. Сәресіде тәтті жегенде төбетті ашады. Шөлдететін, төбет шақыратын (қышқыл, тұзды, тәтті, қуырылған) тағамдардан бас тарту керек.

## ОРАЗА КЕЗІНДЕ СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУҒА БОЛА МА?

Рамазан кезінде белсенді жаттығулардан бас тартып, оның орнына тыныс алу, медитация, йога, пилатес, созылу секілді энергияны көп жұмсамайтын жаттығулармен айналысқан жөн. Ауызашардан бұрын не кейін жаяу жүру еш артық етпейді.

Ауыз бекіткен кезде марафонға қатыспаған жөн. Ұзақ қашықтыққа жүгірудің салдарынан организм сусызданып, денсаулыққа, әсіресе жүрек-қан тамырлары жүйесіне айтарлықтай зиян тигізуі мүмкін.

## САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ

### ӨЗГЕРЕДІ МЕ?

Биылғы жылдың 1 наурызынан бастап салық режимі өзгерді. Жеке кәсіпкерлер өздеріне қолайлы салық салу режимін шешуі керек. Жеңілдетілген декларацияда қалғысы келетін жеке кәсіпкер салық органына ақпан айының соңына дейін хабарлама жіберуі тиіс. Егер хабарлама жібермесе 1 наурыздан бастап кәсіпкерлер автоматты түрде жалпыға бірдей белгіленген салық салу режиміне ауыстырылды.

2026 жылдың 1 қаңтарына дейін патент бойынша немесе арнайы мобильді қосымша арқылы жұмыс істеген кәсіпкерлер өзін-өзі жұмыспен қамтығандар режиміне ауыса алады. Бұл формат жеке кәсіпкерге тіркеусіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Кәсіпкер жаңа режимді қосымшадағы алғашқы чек ұрылған күннен бастап қолдана алады.

## ЖЕКЕ КУӘЛІК ЖОҒАЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Жеке куәлікті Ішкі істер министрлігі «Азаматтарға арналған үкімет» (ХҚКО) КЕАҚ филиалдары арқылы береді.

Куәлікті рәсімдеу үшін мемлекеттік баждың құны – 0,2АЕК.

Рәсімдеу мерзімі – **15 жұмыс күні**. Тездетіп алу үшін аймаққа байланысты қосымша ақы талап етіледі.

Жеке куәлік жоғалған немесе ұрланған жағдайда «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ кез келген филиалына (ХҚКО-ға) төмендегі құжаттарды ұсына отырып, жүгінуге болады.

**Жоғалған жағдайда:**

- Жеке куәлікті қайта дайындау туралы жазбаша өтініш, онда жоғалу мән-жайын көрсету қажет;
- Мемлекеттік бажды төлеуден босатылғаны растайтын құжат (бар болса);
- Анықтама алу үшін мемлекеттік бажды төлеу QR коды арқылы екінші деңгейдегі банктің мобильді қосымшалары немесе «Қазпочта» АҚ кассасы арқылы өтініш беру барысында жүзеге асырылады;

- Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (бар болса).
- Ұрланған жағдайда:**
- Жеке куәлікті ұрлануы туралы өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органынан талон-хабарлама;
- Мемлекеттік бажды төлеуден босатылғаны растайтын құжат (бар болса);
- Анықтама алу үшін мемлекеттік бажды төлеу QR коды арқылы екінші деңгейдегі банктің мобильді қосымшалары немесе «Қазпочта» АҚ кассасы арқылы өтініш беру барысында жүзеге асырылады;
- Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (бар болса).

## ЖЕКЕ КӘСІПКЕР ДЕКРЕТКЕ ШЫҚҚАННАН КЕЙІН МӘМС ҮШІН ЖАРНА ТӨЛЕЙ МЕ?

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалына сұрақтар тусуде. Бірқатар өзекті мәселелерге ӘМСҚ облыстық филиалының директоры Жақсылық Абдусәметов жауап береді.**

**- Жұмыс істеймін, бірақ ресми жұмысқа орналасқан сәттен бері 8 ай ғана өткендіктен, сақтандырылған мәртебем жоқ. Маған қазір бейінді дәрігердің консультациясы әрі ем алуым қажет. Не істеу керек?**

- Сақтандырылған мәртебесі өткен 12 немесе алдағы 12 ай үшін ай сайынғы төлемдер болған кезде беріледі. Демек, бұл жағдайда сақтандырылған мәртебесін екі жағдайда ала аласыз:

1) өткен 12 айдың ішінде жетіспейтін 4 ай үшін (әрқайсысы үшін 4250 теңгеден) дербес төлеуші ретінде жарналар төлеу қажет;

2) жұмыс берушіден жарналар мен аударымдар түсуін, оның қорытындысы бойынша қатарынан 12 төлем алу үшін 4 айдың өтуін күтіңіз.

Қызметкер қазір медициналық көмекке мұқтаж болғандықтан, мәртебе алу үшін бірінші нұсқаны таңдағаны жөн.

## ҚАТЕ НЕМЕСЕ АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН МӘМС ЖАРНАЛАРЫН ҚАЙТАРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ МА?

Бұл қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін Мемлекеттік корпорацияға қағаз түрінде өтініш беру қажет. Егер сіз дербес төлеуші болсаңыз, өтініш үлгі бойынша толтырылады. Ал жұмыс беруші арқылы өтініш берілген жағдайда, қызметкердің қаражатын қайтаруға берген келісімді қоса тіркелуі тиіс. Мемлекеттік корпорацияның мекенжайлары мен өтініш үлгілері Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайтында бар.

Қаражат өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қайтарылады.

Қаражатты қайтарудан бас тартатын кездер болады. Оның себептері мыналар:

- МӘМС жарналары бойынша бұрынғы төленбеген кезеңдер үшін берешек болса;
- құжаттарда мәліметтер дұрыс көрсетілмесе;
- өтініш заңнама талаптарына сәйкес келмесе;
- дербес деректерді өңдеуге келісім болмаса.

есебінен немесе өз жарналары есебінен сақтандырылады.

Басқа жағдайларда сақтандырылған мәртебесін сақтау және МӘМС аясында медициналық көмек алу құқығына ие болу үшін, 18-ге толған азамат дербес төлеуші ретінде жарналарды өзі төлеуі қажет (2026 жылы – айына 4 250 теңге).

**- Жеке кәсіпкер декретке шыққаннан кейін МӘМС үшін жарна төлей ме?**

- «МӘМС туралы» Заңның 26-бабында мемлекет жарна төлейтін 15 санат айқындалған. Олардың қатарында үш жасқа дейінгі баланы/балаларды тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам (баланың заңды өкілдерінің бірі) бар. Аталған бапта жұмыс істемейтіндер ретінде кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын және табысы жоқ адамдар белгіленген. Соған сәйкес қызметі ресми түрде тоқтатылмаған және жұмыс істеп тұрған ЖК бар декреттегі әйел жеңілдікті санатқа енбейді. Сондықтан МӘМС-ке жарна төлеуі тиіс.

Ол сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті ресми түрде жабуына немесе тоқтата тұруына болады. Бұл оған жеңілдік санатына енгуге мүмкіндік береді.

## ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАҒАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ ДЕГЕН РАС ПА?

Биылғы жылдың 1 наурызынан бастап медицина қызметкерлеріне қоқан-лоқы көрсетіп, немесе оларға шабуыл жасағандар қатаң жазаланады.

Біріншіден, айыппұл мөлшері ұлғаяды, екіншіден, денсаулыққа ауыр зиян келтіру немесе кісі өлтіру сияқты аса ауыр қылмыстар үшін кінәлі адам 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

## ҚОҚЫС ТАСТАҒАҒАНДАРҒА ӘКІМДІК АЙЫППҰЛ САЛАДЫ МА?

Биылғы 1 наурыздан бастап республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ барлық облыстың әкімдіктері Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 434-2 бабы – «Ортақ пайдаланылатын орындарды ластану» және 505 бабы – «Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін бұзу, қаланың жасыл желкелерін жою және зақымдау» бойынша хаттама жасауға құқылы. Бұған дейін бұл қызметпен тек ішкі істер органдарының қызметкерлері айналысты. Әкімдікке міндеттелген жаңа талап әкімшілік заң бұзушылықты дер кезінде анықтап, тиімді әрекет жасауға мүмкіндік береді.

## ӨТЕЛМЕГЕН НЕСИЕ БОЛСА ДА, НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ МЕ?

Қазақстанның кез келген коммерциялық банкі биылғы 1 наурыздан бастап тұрғындардан тұрғын үй құрылыс жинақ бағдарламалары арқылы қаражат тарта алады.

Қаржы нарығы сарапшыларының пікірінше, жаңа мүмкіндіктер банктер арасындағы бәсекелестікті нығайтады. Нәтижесінде қазақстандықтарға ипотекалық несиелер қолжетімді болады.

Сондай-ақ 1 наурыздан бастап тәуекелдерді басқару және клиенттердің құқықтарын қорғау жүйесі енгізіледі. Бұдан былай несие ұйымдары қарыз алушыларда мерзімі өткен берешектің бар-жоғын тексеруге міндетті. Егер азаматтың өтелмеген несиесі болса, оған қарыз берілмеуі мүмкін.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫСЫ НЕШЕ КҮН?

Қазақстандық оқушылар үшін көктемгі демалыс 11 күнге созылады: 19-29 наурыз аралығында. Бұл ең ұзақ оқу тоқсанынан кейінгі демалыс.

Оқу жылының төртінші тоқсаны сегіз аптаға созылады: ол 30 наурызда басталып, 25 мамырда аяқталады.

## СТУДЕНТТЕРГЕ ӘСКЕРИ ШАҚЫРУДЫ КЕЙІН ҚАЛДЫРУҒА БОЛА МА?

Оқу оқып жатқан 18-ден 27 жасқа дейінгі жастарға әскери борышын өтеу мерзімін кейінге шегеруге болады.

Сондай-ақ отбасылық жағдайына байланысты; білімін жалғастыру үшін; денсаулығына байланысты; педагогтарға еңбек еткен уақытына; ауылдық жердегі дәрігерлерге еңбек еткен уақытына; Парламент немесе жергілікті өкілді органдар депутаттарына; тергеу іс-шаралары жүргізіліп жатқан азаматтарға; азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипаждары мен су келіктері экипаждарының мүшелеріне; құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында алғашқы кәсіби дайындықтан өтіп жатқан азаматтарға әскерге шақыруды кейінге шегеруге рұқсат беріледі.

## 27 ЖАСТАҒЫЛАР ӘСКЕРДЕН БОСАТЫЛАДЫ МА?

Денсаулығына байланысты әскери қызметке жарамсыз деп танылғандар; заңды негізде мерзімді әскери қызметке шақырылмай, 27 жасқа толғандар; туыстары (әке, шеше, аға, әпкесі) әскери борышын өтеп жүріп қаз тапқан, қайтыс болған немесе I, II топ мүгедектігі белгіленгендер; басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызметін өтегендер; Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдарында қызмет еткендер; ғылыми дәрежесі барлар; тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері скерден толық босатылады.

Бейбіт уақытта сотталған азаматтар әскери қызметке шақырылмайды.

## Әлеуметтік төлем жаппай төленеді ме?

Әлеуметтік желілерде жарияланып жатқан бір реттік әлеуметтік көмек шындыққа жанаспайды. Негізінде қалалық мәслихаттың шешіміне сәйкес өрт салдарынан туберкулез ауруымен амбулаторияда емделіп жүрген, катерлі ісік, оның ішінде лейкоз ауруымен диспансерлік есепте тұрған азаматтарға, диспансерлік есепте тұрған адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың ата-аналарына және заңды өкілдеріне әлеуметтік төлем жүргізіледі. Тиісті емханалардың көрсетілімімен қала әкімдігі жанындағы арнайы комиссияның отырысында қаралып, шешім қабылданады.

Бүгінгі күні әлеуметтік желіде, жетім, яғни ата-анасының қамқорлығынсыз қалған адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға, жұмыссыздарға, табысы төмен отбасыларына бір реттік әлеуметтік төлем берілетіндігі туралы қауесетке сенбеулеріңізді сұраймын.

**А.ОРЫНБЕКОВ,**  
қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары

## ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЕРЛЕР ДЕ, ӘЙЕЛДЕР ДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒА АЛАДЫ?

8 жыл бұрын зейнетақы аннуитетін рәсімдеген БЖЗҚ салымшылары зейнетке ерте шыға алады. Ол үшін адам осындай қызметті ұсынатын сақтандыру компаниясымен шарт жасасуға құқылы. Осыдан кейін зейнетақы қоры компанияға осы салымшының жинақтарының бір бөлігін аударды және ол салымшыға зейнетақы сақтандыру төлемін өмір бойы төлейді.

Сақтандыру компаниясымен шарт жасасу және сақтандыру төлемдерін мерзімінен бұрын алу үшін салымшының жынысы мен жасына байланысты өзгеретін жеткілікті ақша жинау қажет.

2023 жылдан бастап 55 жастан ер адамдар, ал 53 жастағы әйелдер аннуитет ала алады. Мысалы, сақтандыру компаниясымен келісімдердің ішінде зейнеткер қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері зейнетақы сақтандыру төлемдерін біраз уақытқа алатын тармақ болуы мүмкін.

Зиянды өндірісте кемінде 5 жыл жұмыс істейтін адамдар зейнетақы аннуитеті шартын жасай алады. Бұл жағдайда, ерлер мен әйелдердің жасы-55 жас. Яғни, олар үшін жұмыс беруші кемінде 5 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға міндетті. Бұл ретте мерзімінен бұрын зейнетке шығуға үміткер неғұрлым жас болса, БЖЗҚ-да жинақталған сома соғұрлым көп болуы тиіс. Сақтандыру компанияларынан төлемдер жыл сайын 7% - ға индекстеледі.

Төлемдерді алуға өтінішті электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға болады.

## ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ ЖОҒАЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Жүргізуші куәлігі «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ мамандандырылған филиалдары Мамандандырылған ХҚКО арқылы Ішкі істер министрлігімен беріледі.

Жүргізуші куәлігін рәсімдеуге мемлекеттік баж құны **1,25 АЕК**. Рәсімдеу мерзімі – **2 сағат** (емтиханға жұмсалған уақытты есептемегенде).

Жүргізуші куәлігін жоғалтқан жағдайда келесі құжаттармен Мамандандырылған ХҚКО-ға жүгінуге қажет: жеке куәлік; 073/у нысаны бойынша медициналық анықтама (жүргізуші куәлігінің мерзімі өткен жағдайда ғана ұсынылады); мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртек (құны – 1,25 АЕК). Кассаға кезекте тұрмау үшін онлайн-сервис арқылы жүргізуші куәлігін алу үшін мемлекеттік баж төлеуге болады, немесе өтініш берген кезде QR коды арқылы электрондық төлем жасауға болады.

## 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

### ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Егер Сіз 2026 жылғы 15 наурызда дауыс беру күні өзіңіздің тіркелген жеріңізден тыс жерге баратын болсаңыз, қалай дауыс бере аласыз?

Ол үшін 2026 жылғы 14 наурызда сағат 18:00-ге дейін Сіз өзіңіздің учаскелік комиссияңызға жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басыңызды куәландыратын құжатты ұсынуыңыз қажет. Комиссия Сізге есептен шығару куәлігін табыс етеді.

Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариаттық куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның төлнұсқасы берілмейді.

Бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейтініне назар аударыңыз.

Дауыс беру күні өзіңіз болатын жердегі учаскеде есептен шығару куәлігін көрсетіңіз. Учаскелік комиссия Сізді дауыс беруге арналған тізімге енгізеді.

Толық ақпарат алу үшін өзіңіздің елді мекеніңіздің өкімдігінің call-орталығына хабарласуға болады.

### ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы  
www.election.gov.kz

## «ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинетке толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

### ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін 27 ақпаннан бастап алуға болады

Есептен шығару куәлігін беру 14 наурызда сағат 18.00-де тоқтатылады



**01** Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынады (электрондық нұсқасын да көрсете алады)



**02** Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді



**03** Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады

**!** Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді! Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы  
www.election.gov.kz



# НАУРЫЗ – ЖАҢАРУДЫҢ БАСЫ

### ТОҚТЫ.

Айдың алғашқы жартысы барлық жағынан сәтті болғалы тұр. Барынша тиімді пайдаланып қалуға тырысыңыз. Мәселен жұмысқа, кәсіпке байланысты, сондай-ақ іскерлік кездесулерге, тіпті қызметтен өсуге де байланысты мәселелерді талқылауға қолайлы. Өз тарапыңыздан мәселелерге өте маңыз беретінізді, жана белестерді бағындыруға дайын екеніңізді көрсете біліңіз. Табыс оңайлықпен келмейді. Әрине көп қиындық болмағаны жақсы. Дегенмен сабыр сақтап, максатқа қарай қадам жасай білсеңіз көп нәрсеге қол жеткізесіз.

Жеке өмірде де өзгерістер болуы мүмкін. Барлығының ашық, айқын болғанын қалайсыз. Бәлкім жасырын әрекеттерден шаршадыңыз. Бұл жерде көп нәрсе серігіңіздің өз сезімдерін, немесе күмәндарының ашық айтуына байланысты. Елдің барлығына әрекетіңіз ұнай бермеуі мүмкін. Кейбіреулер үшін басқалардың еркімен санаспайтын диктатор көрінесіз.

Айдың екінші жартысында абыр-сабыр ештеңе жоқ, бәрі бірқалыпты. Әсіресе ұзақ мерзімді жоспарларды жүзеге асырып жатқандар кезең-кезеңімен максатқа жақындап келеді. Көптеген Тоқтылар үшін ағымдағы мәселелерді шешу мен ауқымды максаттарға қол жеткізу арасында үйлесімділік жоқ сияқты. Айналадағылар үшін бұл белгідегірдің ойы қандай екендігі түсініксіз, содан да әдеттегіден көп келіспеушіліктер орын алады.

Наурыз айында күш-қуат көп болып тұрғанымен денсаулыққа байланысты проблемалар орын алуы мүмкін. Тіпті созылмалы сырқаттар сыр беруі де ықтимал. Бас ауру, ұйқысыздық та мазалайды. Күш-қуатты қалпына келтіру үшін демалысқа мән берген дұрыс.

### ТОРПАҚ.

Наурыз айы барлық жағынан сәтті. Ескі жоспарларды, жүрекке жақын идеяларды жүзеге асыруды қолға алыңыз. Бәлкім айналадағылар бірден қолдау жасау қоймас, дегенмен қиын сәтте қолданып сөзатын одақтасарды табуға болады.

Күнделікті тірлік өз ағынымен жүріп жатыр. Ағымдағы міндеттерді тез атқарып тастап, жаңаны қолға аласыз. Кейбір Торпақтар алдағы уақытта табыс әкелетін коммерциялық жобаларды батыл қолға алады. Есіңізде болсын аса тәуекелге бара бермей, ақырын жүріп анық басқан дұрыс. Негізі осы қасиет бәсекелестерден озып шығуға ықпал етеді.

Жеке қарым-қатынастарда жеңілдікті тануға болмайды. Есесіне барлығы жақсылыққа өзгереді. Жақын адамыңыз үшін оны түсінгеніңіз, қолдағаныңыз маңызды. Наурыз айы – ашық әңгіменің, мойындаудың, сондай-ақ үлкен өзгерістерге әкелетін шешімдердің кезеңі. Бір ретгік сезімдерге бас ұрмаңыз. Ақылмен іс ітесеніз, өкілбеісіз.

Денсаулық мәселесінде қиындық жоқ. Көптеген Торпақтар күш-қуатының артықтануымен сезініп, өз қуатын спортпен айналысуға, салауатты өмір сүруге тырысады. Дегенмен әртүрлі жарақаттардан аулақ болу үшін техникалық қауіпсіздікке мән берген жөн.

### ЕГІЗДЕР.

Айдың бас жағы – дамудың, өсудің уақыты. Өзгерістерге дайын жандар үшін көптеген қызықты мүмкіндіктер пайда болады. Әрине максатқа жету үшін көп күш жұмсау керек. Еңбек босқа кетпейді.

Іскерлік және жеке қарым-қатынаста абай болу керек. Кейбір жандар өзіңізге жақсы көрініп, сенімніңізге ие болғысы келеді. Ондағы ойлары алдап-сұяп, өз максаттарына пайдалану.

Айдың екінші жартысында іскерлік қарым-қатынастарға байланысты қиындық туындайды. Жана міндеттер пайда болады, соған орай көп еңбектенуге тура келеді. Нәтижесі текке кетпейді, қаржылық жағдай жақсармай. Алайда тапқан ақшаны жұмсауға асықпаңыз. Көп ұзамай оны қайда жұмсау керектігі белгілі болады.

Айдың бас жағында көңіл-күй көтеріңкі болғанымен, уақыт өте келе көңіл-күйіңіз түседі. Айдың екінші жартысында сезімге бой алдырмаңыз. Өйткені тым әсершіл боласыз. Өз-өзіңізді сақтап, денсаулығыңызды күтіңіз.

### ШАЯН.

Өмірдің барлық саласында жақсылық көп. Бұл ұзақ мерзімді жобаларды қолға алуға, жана маңызды максаттарға қадам жасауға қолайлы. Бір міндеттен екінші міндетке секіріп кетпес үшін, міндетті басынан анықтап алу үшін жоспар жасап, іс-қимылды айқындап алған дұрыс. Көп нәрсе керек емес жағдайда бас тарта білуге, қажетсіз нәрсеге жоқ деп айта алуға, күш пен қаржыны болашағы бар іске бағыттауға байланысты.

Романтикалық қарым-қатынастарға өте қолайлы ай. Айдың бас жағындағы таныстық жаңа кезеңнің бастауы болуы мүмкін. Мәселен бұған дейін некеде тұрмаған Шаяндар өзінің өмірлік серігін табуы мүмкін. Ал кейбіреулері өз-өзін жаңадан тани бастайды, өз сезімдерін түсінуге тырысады. Есесіне өз-өзіне сенімді болады. Ал бұған дейін өзіне деген сенімділігі аз еді.

Наурыз айы денсаулықты нығайтуға, аурулардың алдын алуға ыңғайлы кезең. Есіңізде болсын, ағзаның мықтылығын тексеремін деп эксперимент жасаудың қажеті жоқ. Қайсыбір нәрсенің шегі болатынын ұмытпаңыз. Көңіл-күйдің көтеріңкі болуы үйлесімділік пен тепе-теңдікке байланысты. Көп жүктеменің, жанды қинайтын жаттығулардың жақсылығы бола бермейді.

### АРЫСТАН.

Басқа айларға ұқсай бермейді. Өзіндік ерекшелігі бар. Көптеген міндеттерді шешу үшін көп қажыр керек. Өзіңіз күткендегіден де көп. Бәлкім уақытпен санаспай еңбек етуге, немесе басқалардың проблемасын шешу үшін көп күш жұмсауға тура келеді. Көптеген Арыстандар кәсіби бағытта кедергілерге кездеседі. Сондай-ақ бұған дейінгі таңдауының дұрыс еместігіне көз жеткізеді. Қаржы мәселесі де оңай емес. Кіріс бұрынғы қалпында қалады, ал шығындар көбейе береді. Сондықтан да бюджетті бақылап, ақша мәселесіне қатысты шешімдер қабылдауға асықпаған дұрыс. Ауқымды ақшаны жұмсамас бұрын, алдымен соның қажеттілігін ойланғы алыңыз.

Жеке қарым-қатынаста да оңай ештеңе жоқ. Бір жағынан өз проблеманыңды шешумен айналысып, жақын адамыңызға көңіл бөле алмайсыз. Бәлкім ортақ жоспарларды өзгертуге тура келеді, әсерінен өзара қарым-қатынаста өкпе-реніш, түсінеушілік пайда болады. Екінші жағынан өзіңізге қолдау қажет болған кезде қолдау болуы қиындыққа соғады. Содан да кейбір Арыстандар бұған дейін маңызды көрініс қарым-қатынастарға күмәнмен қарай бастайды. Қалай болғанда да шешім қабылдауға асықпаған жөн. Барлығын ойлап, таразылап алу үшін уақыт керек. Негізі маңызды қадамдар жасауға қолайлы тыныш кезді күте біліңіз.

Ай бойы қиын болғандықтан көңіл күйі де соншалықты көтеріңкі емес. Бұл созылмалы аурулардың сыр беруіне әсер етеді. Сондықтан да алдын алуға тырысыңыз. Денсаулықты нығайту үшін қажеттіңіз бәрін жасаған жөн.

### БІКЕШ.

Бикештер үшін де қиындау, қарама-қайшылықты ай. Бірден нәтиже, табыс болмайтындығын біліп тұрғанымен, көп жұмыс істеуге тура келеді. Басқалар не айтқанда да өз жоспарынан ауытқымай үлдіксіз еңбек ете беру керек. Жастар үшін қиын, ал ересектер өз тәжірибесі және өз күшіне деген сенім арқылы кедергілерден өтіп шыға алады.

Әдеттегіге қарағанда жұмыс көп. Негізі қаржылық өсім бар, бірақ бірден бола қоймайды. Бәлкім, төлемдер кешігеді, сондықтан да алдын ала сақтанып, кейбір шығындарды қысқартқан дұрыс. Наурыз айы несие алуға, немесе белгілі бір мерзімге қарызға зат алуға қолайлысыз.

Романтикалық қарым-қатынастар да сәтті бола қоймайды. Бәлкім сүйікті адамыңыздың өзіңізге деген өкпесі бар. Ашық әңгімелесу барлық кезде жағдайды реттей бермейді. Бәлкім маңызды бір қадам жасау қажет болар, бірақ оған өзіңіз дайын емессіз. Жүйке жұқарады.

Жүктеме көп болғанына қарамастан ай бойына көңіл-күйіңіз көтеріңкі. Көзге көп салмақ салмаңыз, сондай-ақ аллергиядан сақтаныңыз.

Айдың екінші жартысында демалысқа уақыт бөліп, күш-қуатты қалпына келтіруге тырысыңыз.

### ТАРАЗЫ.

Қиылыға беріліп, құр босқа үміттенудің қажеті жоқ. Негізі өмірге шынайы көзқарасын қараған жөн. Бекерге армандап, қиялдана беру бұл айда көп кедергілерге әкелуі мүмкін. Әсіресе жас Таразылар үшін. Көңіліңізге қолайлы болып тұрғанымен нақты деректерге назар аудару керек. Негұрлым осыны ертерек түсінсеңіз, соғұрлым ай да табысты болады.

Бұл айда қызықты кездесулер, таныстықтар жетіп-артылады. Айналыңызда керемет жандар толып жүр. Оның біріне ғашық болып қалсаңыз таңқалудың қажеті жоқ. Дегенмен сезімді ақылға сала біліңіз. Әсіресе некеде тұрғандар үшін. Бір сәттік қызығушылық үшін жылдар бойғы қарым-қатынасты үзудің қажеттілігі бар-жоғын ойланғыңыз. Өзіңіз үшін бағалысын таңдаңыз.

Денсаулық сыр береді. Созылмалы аурулардан бөлек, шаршау, немесе артық жүктеме көңіл-күйге әсер етеді. Ересек Таразылар тамақтану режиміне мән берген дұрыс. Қатаң диета ұстамағанмен, асқазанды абайлаған жөн.

### САРЫШАЯН.

Әрине бәрі оңайлықпен өз-өзінен келмейді. Дегенмен бұл айдағы қиындықтарды жеңуге болады. Көптеген Сарышаяндар өздері дайын проблемалармен бетпе-бет келеді, содан да оларды жеңуге тәжірибелері жеткілікті. Бәлкім бұрынғы қателіктерді жөндеуге, немесе мән бермеген жайлардың ақырын реттеуге тура келеді. Уақыт көп кетеді, жүйкені де шаршатады. Дегенмен жеңімпаз болуға күш жеткілікті.

Қаражат мәселесінде абай болу керек. Артық шығындарды доғарған дұрыс. Наурыз айы соншалықты жаман деуге келмес, бірақ ақша мәселесінде сақтық керек. Бұл бизнеске қаржы салуға, кәсіби өсуге де байланысты. Мысалы кәсібилікті арттыруға арналған курстардың өзіңізге пайдалы екендігіне сенімді болмасаңыз ақшаның тәуеліне асықпаңыз.

Көптеген Сарышаяндар үшін бұл айда жақын адамдарының қолдауы өте маңызды. Бұл белгідегілер үшін өзін түсінетіндердің, өзіне кез-келген жағдайда көмекке келетіндердің, жанын жұбататын сөзді тауып айта алатындардың орны ерекше. Дегенмен аса сақтық қажет: кейбіреулер көп уәде бергенмен сөзінде тұрмауы мүмкін.

Денсаулыққа қатысты мәселе жоқтың қасы. Керісінше көптеген Сарышаяндардың қуаты әдеттегіден көп. Бұл қуатты пайдалы бағытқа жұмсама, зияны да болуы мүмкін. Сондықтан да демалыс уақытын жоспарлап, спортпен айналысқан дұрыс. Бірақ әр нәрсенің шегі барын ұмытпаңыз.

### МЕРГЕН.

Айдың бас жағын тиімді пайдаланған дұрыс. Өйткені бұл уақыттың орны бөлек. Жаңа жұмыс іздеген Мергендер қызықты ұсыныстар алады. Кейбіреулері қызмет баспалағанын көтеріледі. Өз бизнесін дамытып, табыс табуға күш пен қаржы жұмсап жүргендер жақсы кіріс кіргізеді.

Көптеген Мергендер үшін жеке қарым-қатынас кейінгі орында. Дегенмен үйлесімділік бар. Айдың бас жағында жақсы таныстықтар, қызықты адамдармен кездесулер жеткілікті. Тіпті ғашықтық сезімі де болмай қалмайды.

Айдың екінші жартысының қиындығы бар. Іскерлік қарым-қатынаста сақтық керек. Әріптестермен, басылықпен арадағы қарым-қатынаста түсінеушіліктер орын алуы мүмкін. Бұған дейін жақсы қарым-қатынаста болған адамдар өзіңізді дұрыс түсіне алмайды, ал бұрынғы одақтасар тек өз максаттарына қол жеткізуді көздейді.

Сезім мәселесінде өте сезімтал, әрі шыдамсызсыз, әдеттегіге қарағанда. Бұл жақын адамдарыңызды таңқалдырады. Тіпті кейбіреулері ескертпелеріңізге ренжіп, немесе өкпелеп қалуы мүмкін.

Айдың екінші жартысында көңіл-күйіңіз құлазиды. Имунитетіңіз әлсіреп, вирусты аурулар сыр беруі мүмкін. Әрине артық жүктемелер денсаулыққа әсер етеді. Ұйқысыздық орын алып, бас ауруы мүмкін. Тамақтану режимін сақтаңыз, күш-қуатты қалпына келтіруге уақыт арнаңыз.

### ТАУЕШКІ.

Жұмыста, қызметте, кәсіпкерлікте алға ілгерілеушілік бар. Бірақ көп күшке түседі. Табыс өзіңінен жеңіл келмейді. Бәлкім өзіңіздің де, өзгелердің де ісімен айналысуға, жаңа дағдыларды меңгеруге, басқалардың тәжірибесін үйренуге тура келеді. Кәсіби қарым-қатынаста, байланыста абай болу керек. Әңгіме сөзі көп, күмән тудыратын адамдардан қашық жүрген дұрыс. Олармен байланысқаннан зияны болуы мүмкін. Біреулермен әріптестік туралы келіспес бұрын, алдымен оның өзіңізге пайдасына сенімді болыңыз.

Қосымша жұмысқа ынталы адамдар үшін табысын көбейту мүмкіндігі бар. Жеңіл ақшаға үміт артудың қажеті жоқ. Жасаған жұмысыңыз, еңбегіңіз лайықты бағасын алып, жақсы ақы төленеді. Сонымен қатар пайдалы байланыстар арқылы болашағы бар, коммерциялық жобаларға қатысуыңыз мүмкін.

Өзіңіз бастамашы болып білсеңіз, жеке өміріңізге жақсылыққа қарай өзгеріс бар. Тағдырға үміт артып, отыра беруге болмайды. Жаңа таныстықтар үшін ашық болсаңыз, онда әртүрлі іс-шараларға қатысыңыз. Қарым-қатынасыңызға жаңалық енгізіңіз келсе, жақын адамыңызға қызықты нәрсе ұсына біліңіз. Әлем сізге қарсы емес, қолдап тұр. Бірақ алғашқы қадамды өзіңіз жасауыңыз керек.

Денсаулық үшін жақсы ай. Дегенмен артық жұмыс, артық жүктеме көңіл-күйге әсер ететінін есте ұстаныңыз. Әсіресе сүйек пенен буындардың созылмалы аурулары барлардың сырқаты сыр беруі мүмкін.

### СУҚҰЙШЫ.

Күрделі ай. Нақтылық, анықтық жетіспейді. Ақырына дейін айтылмаған әңгімеден, емеурін білдіруден шаршаған Суқұйыштар өзінің ойындағы жауабы жоқ көп сұрақтардың анығын білермін деген оймен ойланбаған қадамдар жасауы мүмкін. Өкінішке орай мұның зияны көп. Сондықтан да бір нәрсе жасамас бұрын оның соңын ойлап, сақтық танытыңыз. Бұрын оп-оңай атқарып жүрген кәсіби міндеттерде кедергілер болуы мүмкін. Әріптестермен, серіктестермен, басылықпен қарым-қатынас күрделеніп, бұрынғыға қарағанда қиындайды. Бұл жағдайда сабыр сақтап, шешім қабылдауға асықпаңыз. Есіңізде болсын ойланбай жасалған іс қаржы шығынына әкелуі мүмкін.

Жеке қарым-қатынаста да қиындықтар бар. Көңіл-күй тұрақты емес. Көңіл-күй тербелісінде қауіпті тұстар жеткілікті. Есіңізде болсын, бір сәттік сезімнің жетегінде кетуге болмайды. Ақылмен шешкен жөн. Қанша жерден ғашық болғанымен бүгінгі күнді ғана емес, болашақты да ойлау керек. Қазір бұл дұрыс емес сияқты көрінгеннен кейін дұрыс шешім қабылдағаныңызға өз-өзіңізге риза боласыз.

Наурыз – денсаулыққа қамқорлық жасайтын, ағзаны нығайтатын ай. Бұған дейін курстық процедуралар қабылдауды ойлап жүрсеңіз, уақыты келді.

### БАЛЫҚТАР.

Айдың жақсылығы көп. Барлық бастамаларды жүздіздер қолдап тұр. Іскерлік әлемінде елеулі өзгерістер бар. Бірақ бәрі қызмет аясын өзгертісі келіп жүрген Балықтар үшін мүмкіндік айы. Асығу міндетті емес. Егер де әлдеқандай бір білім, немесе дағды жетпей тұр деп ойласаңыз, онда кәсібилікті жетілдіруден бастаңыз. Уақыт жеткілікті.

Айдың екінші жартысында ақша түсімі бар. Негізі ай бойы қаржыға қолайлы, тек өзіңіз көп ақша жұмсаудан, күмәнді тұстарға қаржы салудан бойды аулақ ұстаныңыз. Ірі заттар сатып алуға болады, бірақ несиеге емес.

Бұл айда қызықты кездесулер, жаңа таныстықтар жеткілікті. Жеке өмірде үлкен өзгерістер орын алады. Балықтарға қимылдаудың да қажеті жоқ. Махаббат өзі тауып алады. Жұптасқан жұптар үшін де жақсы ай. Бірге романтикалық саяхаттарға шығу, немесе жаңа іс бастау сенімді жаңартыды.

Денсаулыққа да күнә жоқ. Дегенмен теріге назар аударыңыз. Тері әдеттегіге қарағанда өте сезімтал болып тұр. Сондықтан да күннің суығынан, күннің көзінен, теріге әсер ететін басқа да жағдайлардан сақтаныңыз.